

«Кредитті 0-ге айналдыр» Ұтыс ойыны»
Маркетингтік акциясының ережелері

«Кредитті 0-ге айналдыр» Ұтыс ойыны» Маркетингтік акциясы (бұдан әрі — Акция) «Bereke Bank» АҚ-да Сенімгерлік кредит (жеке тұлғаларға арналған кепілсіз кредит) ресімдеген Клиенттерге арналған.

1. Терминдер мен анықтамалар

- 1.1. **Акция** — «Кредитті 0-ге айналдыр» Ұтыс ойыны» атты маркетингтік акция, **ұйымдастырушы** – «Bereke Bank» АҚ (бұдан әрі – Банк) (Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі 20.09.22 ж. берген №1.2.199/93/31 лицензия).
- 1.2. **Акцияға Қатысушылар** – төмендегі талаптарға сай келетін жеке тұлғалар мен жеке кәсіпкерлер:
- Акцияға қатысушы – 22.07.2024 жылдан бастап 22.10.2024 жылды қоса алғанға дейін «Bereke Bank» АҚ-да «Сенімгерлік кредит» өнімін (жеке тұлғаларға арналған кепілсіз кредит) ресімдеген клиент;
 - Акцияға қатысушы – Банк алдында мерзімі өткен берешегі жоқ клиент;
 - Акцияға қатысушы Қазақстан Республикасының резиденті болып табылады;
 - Акцияға қатысатын кредиттер бойынша мерзімінен бұрын толық өтемеген клиенттер;
 - Банк ұтыс ойынына қатысушылардың тізімдерін жасау кезеңінде Акцияға қатысатын кредиттер бойынша мерзімі өткен берешегі жоқ/болмаған клиенттер;
 - Банк қызметкері емес және Банкпен ерекше қатынасы жоқ тұлғалар;
 - Акция өткізілетін сәтте қатысушының жасы – 21 жас және одан жоғары.
- 1.3. **Акция өткізілетін кезең** – 2024 жылғы 22 шілдеден бастап 2024 жылғы қазанды қоса алғанға дейін;
- 1.4. **Өткізілетін аумақ** – Қазақстан Республикасы;
- 1.5. **Жеңімпаз** – осы Ережелерде көрсетілген тәртіппен ұтыс ойындарының бірінде жеңімпаз деп танылған Акцияға қатысушы;
- 1.6. **Резервтік жеңімпаз** – Акция шарттарын толық орындаған, екінші және үшінші жеңімпаз деп танылған Акцияға қатысушы;
- 1.7. **Жүлде** – ұтыс ойынына қатысатын банк қарызы шартына сәйкес ресімделген кредит толық өтеледі.
- 1.8. **Бастама көтеруші** – бұдан әрі – Банк;
1. 9. Осы Ережелер - «Кредитті 0-ге айналдыр» Ұтыс ойыны» Маркетингтік акциясының ережелері

2. Акцияның жалпы ережелері

2.1. Осы Акция клиенттердің Банк өнімдеріне деген сенімін арттыруға арналған, сондай-ақ клиенттерді нысаналы іс-әрекет жасауға ынталандыру мақсатында жасалып отыр – "Сенімгерлік кредит" кредиттеу бағдарламасы бойынша кредиттер ресімдеу.

3. Акцияға қатысу шарттары

3.1. Акция Банктегі "Сенімгерлік кредит" кредит беру бағдарламасы бойынша өнім ресімдеген Банк клиенттері үшін өткізіледі:

Кредиттік қаражаттың әрбір 100 000 (жүз мың) теңгесі 1 (бір) балға тең, бұл өз кезегінде жеңімпаз таңдалатын банктік қарыз шарты (бұдан әрі – БҚШ) тізіміндегі нөмірлер санына тең. Мысалы, 6 500 000 теңге 65 балл береді, яғни БҚШ ұтыс ойынына қатысушылар тізімінде 65 рет кездеседі.

3.2. Акцияға қатысатын Клиенттер: жеке тұлғалар және жеке кәсіпкерлер – ҚР резиденттері.

3.3. Акцияға:

3.3.1. Банк қызметкері және Банкпен ерекше қатынастағы тұлғалар;

3.3.2. «Сенімгерлік кредит» өнімі бойынша Акцияға қатысатын сәтте 21 жасқа толмаған тұлғалар;

3.3.3. Осы Акция Ережелерінде көзделген кредиттеу бағдарламалары бойынша мерзімінен бұрын толық өтем жасаған клиенттер;

3.3.4. Банк Акцияға қатысушылардың тізімдерін жасаған кезде Банкте кредиттер бойынша мерзімі өткен берешегі бар / болған клиенттер қатыспайды.

3.4. Ұтыс ойыны Акцияға қатысушылардың арасында төмендегі күндері болады:

1- ұтыс ойыны: 30.08.2024 ж.

2- ұтыс ойыны: 01.10.2024 ж.

3- ұтыс ойыны: 08.11.2024 ж.

3.5. Банк өз қалауы бойынша Акцияға қатысушылардың алдын ала келісімінсіз және хабардар етпей осы Акция Ережелеріне өзгерістер енгізуге құқылы.

3.6. Әрбір ұтыс ойынына осы Ережелердің шарттарына сәйкес 2024 жылғы 22 шілдеден бастап 2024 жылғы 22 қазанды қоса алғанда кредит ресімдеген Акцияға қатысушылар қатысады.

3.7. Ұтыс ойындарының бірінде Жеңімпаз атанған Акцияға қатысушылар сол БҚШ-мен кейінгі ұтыс ойындарына қатыспайды және келесі ұтыс ойындарына қатысушылар тізімінен шығарылады.

4. Акцияның жүлде қоры

4.1. Акцияның аясында келесі жүлделер ойнатылады:

№	Жүлделер	2024 жылғы 22 шілдеден бастап 2024 жылғы 22 қазанды қоса алғанда

			өткізілетін Акцияның жұлделер саны
1		«Сенімгерлік кредит» бағдарламасы бойынша кредитті толық өтеу	3
		Жиынтығы:	3

4.2. Акцияның аясында ұтыс ойынының Жеңімпазы алған әрбір Жұлдеге "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексінің) талаптарына сәйкес жеке табыс салығы салынады.

4.3. Банк Акцияның аясында ұтыс ойынының Жеңімпазында туындайтын жеке табыс салығын есептеу және аудару шығыстарын өзіне алады.

4.4. Кредитті толық жапқан кезде кредит бойынша негізгі борыш және ұтыс ойынының Жеңімпазын анықтаған күнгі жағдай бойынша Банктің кредит бойынша сыйақысы өтеледі.

4.5 Банк кредитті ұйымдастырғаны үшін комиссияларды және кредитті ұйымдастыруға, ресімдеуге және беруге байланысты өзге де төлемдерді ұтыс ойынының Жеңімпазына қайтармайды.

5. Ұтыс ойынының жеңімпазын анықтау тәртібі

5.1. Ұтыс ойынының Жеңімпаздарын анықтау Банк қызметкерлерінің қатысуымен кездейсоқ сандар генераторының веб-сайтында (Банктің таңдауымен) Акцияға қатысушылардың БҚШ нөмірін кездейсоқ таңдау арқылы жүзеге асырылады, мысалы: **www.random.org**, немесе **lizaonair.com** немесе **ұқсас функционалдығы бар басқа сервистің көмегімен**. Ұтыс ойынының Жеңімпаздарын анықтау үшін осы Ережелердің 3-тармағында көрсетілген Акцияға қатысу шарттарын орындаған Акцияның барлық қатысушыларының БҚШ нөмірлері пайдаланылатын болады. Ұтыс ойынының Жеңімпаздарын анықтау процесі Банктің әлеуметтік желідегі ресми парақшаларында тікелей эфирде ұтыс ойынының Жеңімпаздарын анықтау процесінің бейне жазбасын түсіру арқылы өтетін болады.

5.2. Ұтыс қорытындысы бойынша негізгі Жеңімпаздан бөлек, әр Жұлдеге 2 (екі) Резервтік жеңімпаз анықталады (егер ұтыс ойыны өткізілген сәтте Жеңімпаз ұтыс ойынының шарттарына сәйкес келмесе, Банк 2 жұмыс күні ішінде негізгі Жеңімпазға хабарласа алмаса, бұл ретте Банктің жауапты қызметкері Жеңімпаздың телефон нөмірін ұтыс ойынының негізгі Жеңімпазы анықталған күннен кейін бір жұмыс күні ішінде (әр екі сағат сайын) үш рет тереді). Банктің өткізілген ұтыс ойынының Жеңімпазымен телефон арқылы байланыса алмағаны туралы факті жауапты қызметкерлердің Банк қызметкерінің қатысуымен өткізілген ұтыс ойынының Жеңімпаздарына қоңырау шалу кезінде жүргізген бейне жазбасымен расталады.

5.3. Егер Банк ұтыс ойынының Жеңімпазымен осындай Жеңімпаз анықталған сәттен бастап 48 (қырық сегіз) сағат ішінде байланыса алмаған жағдайда, аталған клиент тиісті

Жүлдені алу құқығынан айырылады және Банктің жауапты қызметкері Жүлдені беру үшін резервтік жеңімпазбен байланысады.

5.4. Жеңімпаздар туралы ақпарат Банктің Instagram-дағы @berekebank ресми парақшасында тікелей эфир өткізу және оның жазбасын Банктің Instagram-дағы (Instagram TV) ресми парақшасының сақталған видеолар бөліміне жүктеу арқылы жарияланады. Өткізілген ұтыс ойынының Жеңімпазын жариялау және Жүлдені Жеңімпазға тапсыру үшін Банктің жауапты қызметкері ұтыс ойынының Жеңімпазынан осы Ережелердің №1 қосымшасына сәйкес Жеңімпаз толтырған және қол қойған келісімді алуға тиіс.

6. Жүлделерді табыстау тәртібі

6.1. Өткізілген ұтыс ойынының Жеңімпазы анықталған күннен бастап Банктің 5 (бес) жұмыс күні ішінде (сағ. 09:00-ден 18:00-ге дейін) БМК-тың жауапты қызметкері Жеңімпаздың байланыс ақпаратын және дербес деректерін нақтылау үшін ұтыс ойынының Жеңімпазымен байланысады. Жүлдені алған кезде Жеңімпаз Банкке жеке басын куәландыратын құжатын көрсетеді.

6.2. Банкке қатысы жоқ кез келген себептермен, сондай-ақ ұтыс ойынының Жеңімпазының байланыс мекенжайы, есімі және/немесе тегі, телефон нөмірі немесе басқа да деректемелері мен байланыс деректері дұрыс көрсетілмеген және/немесе клиенттің карточкасында өзгертілген жағдайда, Банк Жеңімпаздың жүлдені ала алмайтыны үшін жауап бермейді. Бұл ретте мұндай ұтыс Жеңімпаздарының Банктен Жүлде немесе қандай да бір өтемақы алуға құқығы жоқ.

6.5. Жеңімпаздың осы Ережелердің №1 қосымшасында белгіленген нысан бойынша келісімге қол қоюдан бас тартуын, Жеңімпаздың жеке басын куәландыратын құжатты ұсынбауын Банк ұтыс Жеңімпазының Жүлдеден бас тартуы (Банк ол үшін жауап бермейді) ретінде қабылдайды.

6.6. Егер ұтыс Жеңімпазының кредитті өтеу бойынша ай сайынғы төлемі ұтыс ойыны мен Жеңімпазды анықтау күніне немесе Банк жеңімпаздың кредитін өтеп беруге құжаттарды ресімдеу кезеңіне түссе, Жеңімпаз ай сайынғы төлемді өзінің кестесіне сәйкес төлейді, бұл ретте Банк өз тарапынан негізгі борыш пен есептелген сыйақыны толық өтейді, сондай-ақ ай сайынғы төлем қайтарылады.

7. Өзге шарттар

7.1. Клиент осы Акцияға өзгерістер мен толықтырулардың енгізілуін өз бетінше қадағалап отыруға міндеттенеді.

7.2. Егер Клиент осы Акцияның шарттарын сақтамаса және/немесе алаяқтық әрекеттер жасаса, және/немесе осы Акцияның аясында Клиентке берілетін қандай да бір артықшылықтарды және/немесе ынталандыруларды теріс пайдаланса, және/немесе жаңылыстыратын ақпарат берсе, Банк осы Акцияға қатысушылар қатарынан кез келген клиентті ескертусіз алып тастауға құқылы.

Акцияны өткізу ережелеріне №1 қосымша

«Кредитті 0-ге айналдыр»

_____ (Т.А.Ә.)

_____ (ЖСН)

Келісім

Мен _____ (ТАӘ) осы арқылы "Bereke Bank" АҚ-ға, БСН: 930740000137 (бұдан әрі – Банкке) Банктің «Кредитті 0-ге айналдыр» Ұтыс ойыны» акциясын (бұдан әрі – Акция) өткізуі, ресімдеуі және Акцияны өткізу нәтижелерін сақтауы мақсатында менің дербес деректерімді жинауға, өңдеуге және үшінші тұлғаларға беруге, сондай-ақ мен туралы мәліметті, соның ішінде банктік құпияны құрайтын ақпаратты, дербес деректерді және заңмен қорғалатын өзге де құпияны, Жүлделердің Жеңімпаздарын анықтау қорытындысы бойынша Акцияның аясында алған Жүлдені көрсете отырып, менің тегімді, есімімді, әкемнің есімін (болған кезде) Банктің www.berekebank.kz веб сайтында жариялау арқылы ашуға сөзсіз және қайтарып алынбайтын жазбаша келісімімді беремін. Осы Келісімнің аясында Банк жинауға болатын менің дербес деректерім: ТАӘ, ЖСН, менің қатысуыммен жасалған аудио-бейне-фотоматериалдар, ұялы/қала телефон нөмірі, тұрғылықты қала. Сонымен қатар Банкке менің есімімді, тегімді, әкемнің есімін (болған кезде), бейне және фотоматериалдарды Банктің өз қалауымен кез келген тәсілмен көпшілікке қолжетімді етуіне және Банктің оларды аудио, фото, бейне материалдарда маған қандай да бір өтемақы төлемей және хабарламай қолдануына сөзсіз және қайтарып алынбайтын жазбаша келісімімді беремін. Аталған келісімнің қолданылу кезеңі – қол қойылған күннен басталады және Акция аяқталған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн өткенге дейін.

Жүлде- «Кредитті 0-ге айналдыр» Ұтыс ойыны» Маркетингтік акциясы Ережелеріне сай Банк тарапынан кредит толық өтелді.

Мен _____ жүлдені толық көлемде алдым, сондай-ақ Банкке шағымым жоқ және болашақта да шағымым болмайды.

Күні

қолы

Правила маркетинговой акции
«Розыгрыш «Обнули Кредит»

Маркетинговая Акция «Розыгрыш «Обнули Кредит» (далее — Акция) предназначена для Клиентов — оформивших Доверительный кредит (кредит без залога для физических лиц) в АО «Bereke Bank».

2. Термины и определения.

- 2.1. **Акция** — маркетинговая акция, именуемая «Розыгрыш «Обнули Кредит», организатором которой является АО «Bereke Bank» (далее - Банк) (Лицензия №1.2.199/93/31 от 20.09.2022г. выдана Агентством Республики Казахстан по регулированию и развитию финансового рынка).
- 2.2. **Участники Акции** – физические лица и индивидуальные предприниматели, отвечающие следующим условиям:
- участник акции – клиент, оформивший продукт «Доверительный кредит» (кредит без залога для физических лиц) в АО «Bereke Bank» в период с 22.07.2024 года по 22.10.2024 года включительно;
 - участник акции – клиент, не имеющий просроченной задолженности перед Банком;
 - участник акции является резидентом Республики Казахстан;
 - клиенты, которые не совершили полное досрочное погашение по кредитам, участвующим в Акции;
 - клиенты, которые в период формирования Банком списков участников розыгрыша не имеют/не имевшие просроченную задолженность по кредитам, участвующим в Акции;
 - не являющиеся работниками Банка и лицами, связанными с Банком особыми отношениями;
 - на момент проведения Акции возраст участника - 21 год и более.
- 2.3. **Период проведения Акции** – с 22 июля 2024 года по 22 октября 2024 года включительно.
- 2.4. **Территория проведения** – Республика Казахстан;
- 2.5. **Победитель** – участник Акции, признанный победителем в одном из розыгрышей, в порядке, указанном в настоящих Правилах.
- 1.6. **Резервный победитель** – участник Акции, в полной мере выполнивший условия Акции, достаточные для того, чтобы быть признанным вторым и третьим победителем.
- 1.7. **Приз** – полное погашение кредита, оформленного в соответствии с договором банковского займа, участвующего в розыгрыше.
- 1.8. **Инициатор** – далее Банк;
1. 9. Настоящие Правила - Правила маркетинговой акции «Розыгрыш «Обнули Кредит».

2. Общие положения Акции

2.1. Настоящая Акция предназначена для повышения лояльности клиентов к продуктам Банка, а также в целях мотивации клиентов на совершение целевого действия – оформление кредитов по программе кредитования «Доверительный кредит».

3. Условия участия в Акции

3.1. Акция распространяется на клиентов Банка, оформивших продукт программы кредитования в Банке:

«Доверительный кредит»;

Каждые 100 000 (сто тысяч) тенге кредитных средств равняются 1 (одному) баллу, что в свою очередь, равно количеству упоминаний в списке номера договора банковского займа (далее - ДБЗ), из которого будет выбираться победитель. Например, 6 500 000 тенге дает 65 баллов, т.е. ДБЗ в списке участников розыгрыша будет перечислено 65 раз.

3.2. В Акции участвуют Клиенты: физические лица и индивидуальные предприниматели - резиденты РК.

3.3. В Акции не участвуют:

3.3.1. Работники Банка и лица, связанные с Банком особыми отношениями;

3.3.2. По продукту «Доверительный кредит» лица, которым на момент участия в Акции не исполнилось 21 год;

3.3.3. Клиенты, которые совершили полное досрочное погашение по программам кредитования, предусмотренным настоящими Правилами Акции;

3.3.4. Клиенты, которые в период формирования Банком списков участников Акции, имеют/имевшие просроченную задолженность по кредитам в Банке.

3.8. Розыгрыши среди участников Акции будут проходить в следующие даты:

4- розыгрыш: 30.08.2024г.

5- розыгрыш: 01.10.2024г.

6- розыгрыш: 08.11.2024г.

3.9. Банк вправе по своему усмотрению вносить изменения в настоящие Правила Акции без предварительного согласия и уведомления участников Акции.

3.10. В каждом розыгрыше участие принимают участники Акции, оформившие кредит в период с 22 июля 2024 года по 22 октября 2024 года включительно, согласно условиям настоящих Правил.

3.11. Участники Акции, ставшие Победителями в одном из розыгрышей, не участвуют в последующих розыгрышах с тем же самым ДБЗ и исключаются из списка участников следующего (-их) розыгрыша (-ей).

4. Призовой фонд Акции

4.1. В рамках Акции будут разыгрываться следующие призы:

№	Призы	Кол-во призов за период акции с 22 июля 2024г. по 22 октября 2024г. включительно

1	Полное погашение кредита по программе «Доверительный кредит»	3
	Итого:	3

4.2. Каждый Приз, полученный Победителем розыгрыша в рамках Акции, облагается индивидуальным подоходным налогом в соответствии с требованиями Кодекса Республики Казахстан «о налогах и других обязательных платежах в бюджет (Налогового кодекса).

4.3. Банк берет на себя расходы по начислению и перечислению индивидуального подоходного налога, возникающего у Победителя розыгрыша, в рамках Акции.

4.4. Полное погашение кредита осуществляется на сумму основного долга по кредиту и вознаграждения Банка по кредиту на дату определения Победителя розыгрыша.

4.5 Комиссии за организацию кредита и иные выплаты, связанные с организацией, оформлением и выдачей кредита, Победителю розыгрыша Банком не возвращаются.

5. Порядок определения победителей розыгрыша

5.1. Определение Победителей розыгрыша осуществляется в присутствии работников Инициатора, путем случайного подбора номера ДБЗ Участников Акции на веб-сайте генератора случайных чисел (по выбору Банка), таких как: **www.random.org**, или **lizaonair.com**, или при помощи иного сервиса с аналогичным функционалом. Для определения Победителей розыгрыша будут использоваться номера ДБЗ всех Участников Акции, которые выполнили условия участия в Акции, указанные в пункте 3 настоящих Правил. Процесс определения Победителей розыгрыша будет проходить с видеофиксацией процесса определения Победителей розыгрыша в прямом эфире на страницах официальных социальных сетей Банка.

5.2. По итогам Розыгрыша, кроме основного Победителя, также определяются 2 (два) Резервных победителя на каждый Приз, на случай, если на момент проведения розыгрыша, Победитель не будет соответствовать условиям розыгрыша, Банк не смог дозвониться/связаться с основным Победителем в течении 2-х рабочих дней, при этом (набор номера телефона Победителя производится три раза в течение одного рабочего дня, (каждые два часа) следующего за днем определения основного Победителя розыгрыша ответственным работником Инициатора . Подтверждением факта того, что Банк не смог связаться по телефону с Победителем проведенного розыгрыша будет служить видеозапись, произведенная ответственными работниками в момент осуществления звонка Победителям проведенного розыгрыша в присутствии работника Инициатора.

5.3. В случае, если Банк не может связаться с Победителем розыгрыша в течение 48 (сорока восьми) часов с момента определения такого Победителя, указанный клиент лишается права на соответствующий Приз, и ответственный работник Инициатора связывается с резервным победителем для присуждения Приза.

5.4. Информация о Победителях будет опубликована на официальной странице Банка в Instagram - @berekebank путем проведения прямого эфира и размещения его записи в разделе сохраненных видео Instagram (Instagram TV) официальной страницы Банка. Для

публикации Победителя проведенного розыгрыша и вручения Победителю Приза, ответственный работник Банка должен получить от Победителя розыгрыша заполненное и подписанное Победителем Согласие в соответствии с Приложением №1 к настоящим Правилам.

6. Порядок вручения призов

6.1. В течение 5 (пяти) рабочих дней Банка (с 09:00 ч. до 18:00 ч.) с даты определения Победителя в проведенном розыгрыше, ответственный работник БМиК связывается с Победителем розыгрыша для уточнения контактной информации и персональных данных Победителя. При получении Приза, Победитель предоставляет в Банк документ, удостоверяющий личность.

6.2. Банк не несет ответственность за невозможность получения Приза Победителем, по любым причинам, не зависящим от Банка, в том числе, в случае, если контактный адрес, имя и/или фамилия, номер телефона или другие реквизиты и контактные данные Победителя розыгрыша были указаны неверно и/или изменены в карточке клиента. При этом такие Победители розыгрыша не имеют права на получение от Банка Приза или какой-либо компенсации.

6.5. Отказ Победителя от подписания Согласия по форме, установленной в Приложении №1 к настоящим Правилам, непредставление Победителем документа, удостоверяющего его личность, будет рассматриваться Банком, как отказ Победителя розыгрыша от Приза, за которое Банк не несёт ответственности.

6.6. В случае, если ежемесячный платеж по погашению кредита у Победителя розыгрыша выпал на дату розыгрыша и определения Победителя или в период оформления документов на обнуление кредита Победителя Банком, Победитель оплачивает этот ежемесячный платеж согласно его графику, при этом со стороны Банка осуществляется полное погашение долга и начисленного вознаграждения, а также возвращается ежемесячный платеж.

7. Прочие условия

7.1. Клиент обязуется самостоятельно отслеживать внесение изменений и дополнений в настоящую Акцию.

7.2. Банк вправе исключить любого Клиента из числа участников настоящей Акции без предупреждения, если Клиент не соблюдает условия настоящей Акции, и/или совершает мошеннические действия, и/или злоупотребляет какими-либо привилегиями и/или поощрениями, предоставляемыми Клиенту в рамках настоящей Акции, и/или предоставляет информацию, вводящую в заблуждение.

Приложение №1 к Правилам проведения Акции

«Обнули кредит»

От _____ (Ф.И.О.)

_____ (ИИН)

Согласие

Я, _____ (ФИО) настоящим предоставляю свое безусловное и безотзывное письменное согласие АО «Bereke Bank», БИН: 930740000137 (далее – Банку) на сбор, обработку и передачу третьим лицам моих персональных данных в целях проведения, оформления Банком акции «Розыгрыш «Обнули кредит» (далее – Акция) и хранения результатов проведения Акции, а также на раскрытие сведений обо мне, в том числе информации, составляющей банковскую тайну, персональные данные и иную охраняемую законом тайну, путем опубликования на веб сайте Банка www.berekebank.kz по итогам определения Победителей призов мои фамилию, имя, отчество (при наличии) с указанием приза, полученного мной в рамках Акции. Моими персональными данными, доступными для сбора Банком в рамках данного Согласия, являются: ФИО, ИИН, аудио-видео-фотоматериалы с моим участием, номер мобильного/городского телефона, город проживания. Также, предоставляю Банку свое безусловное и безотзывное письменное согласие на то, что мое имя, фамилия, отчество (при наличии), видео- и фотоматериалы будут доступны общественности любым способом по собственному усмотрению Банка и могут быть использованы Банком в аудио-, фото- и видеоматериалах без выплаты мне какой-либо компенсации и дальнейшего уведомления. Период действия данного согласия - с даты подписания и до истечения 30 (тридцати) календарных дней с даты окончания Акции.

Приз- Полное погашение кредита, согласно Правил маркетинговой акции **«Розыгрыш «Обнули Кредит»**, со стороны Банка было осуществлено.

Приз получен мною _____ в полном объеме, и я не имею и в последующем не буду иметь никаких претензий к Банку.

Дата

подпись

